

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 549 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 4 шілдедегі N 842 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол төлемдер нысаны кезінде тиындарды дөңгелектеу жөніндегі мәселелерді реттеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 549 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 6, 56-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Осы Жарлықтың 5-тармағында көзделген төлемдерді қоспағанда, қолма-қол төлемдер нысаны кезінде төлемдер сомасын дөңгелектеудің арифметикалық әдісі қолданылатыны белгіленсін (50 тиынға дейінгі тиын сомасы 0-ге дейін; 50 тиыннан бастап және одан жоғары 1 теңгеге дейін дөңгелектелсін).".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. Назарбаев*